

Амангелді аудандық орталық кітапханасының
библиография бөлімі



# Міржақып Дулатов
# «Қазақты оятқан қазақ»

**туғанына 135 жыл**

***/ библиографиялық көрсеткіш /***

**Амангелді, 2020 ж.**

# Құрастырушыдан

Туған халықы үшін тағдырдың  талай-талай тар жол тайғақ кешуіне тап болған, сонда да сол алған жолынан айнымаған Міржақып Дулатов 50 жасқа толар шағында қайтыс болды. XX ғасырдың басында «Оян қазақ» деп ұран салып, қазақ елін дүр сілкіндірген ол әдебиетіміздің барлық жанырында қалам тербеді.

XX ғасыр басындағы елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын қалың ұйқыдан оятып, оқу, өнер- білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекет құру жолында аянбай тер төккен , әрбір ұрандары мен мақсаттарын ұлттық менталитетімізге жақындастырып негіздеген, заман қажеттігі мен сұранысына жауап беру үшін қоғамның дамуы теориясы сахнасына шыққан қайраткердің ой – пікірлері және өмір жолы туралы арнайы оқып – тану күн тәртібінде тұрған ең басты мәселе.

Осы орайда  Амангелді аудандық орталық кітапханасының библиография болімінде қоғам қайраткері, саясаткер, ақын, ағартушы, ғалым, публицист, Алаш партисяының бас көтерер белді мүшесі Міржақып Дулатовтың 135 жылдығына  арналған библиографиялық көрсеткіш құрал әзірледі.

Бұл  көрсеткіш құралда  ақынның өмірі мен шығармашылығы, сонымен қатар Алаш ардақтыларының еңбектері, фотосуреттері, әдебиеттер тізімі, ақынның шығармалары туралы оқырмандарға қажетті мағұлыматтар жинақталған. Көрсеткіш құрал  қалың көпшілікке арналған

# Торғайдан ұшқан қыран

Міржақып Дұлатұлы (1885–1935) – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайреткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Сарықопа уезінің, Торғай облысының үшінші ауылы (қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданына қарасты "Қызбел" ауылы). Әкесі – Дулат аймағына аты шыққан шебер кісі болған, ер тұрман жасап, етік, мәсі тіккен. Шешесі – Дәмеш ойын тойдың базары, әнші кісі болған. Әкесі балаларын жастайынан оқуға береді. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897–1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. Бұл мектеп Міржақыптың білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды, Мұқан мұғалім ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған оқу орнының, дәлірек айтқанда, Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінің түлегі болатын. Өз шәкірттеріне де ол осы рухта тәлім-тәрбие, терең білім береді.



***Аяулы жары Ғанижамал Досымбекова, Қызы Гүлнәр Дулатова Орынбор, 1922 жыл***

Міржақып анасынан екі жасында, әкесінен он екі жасында айырылып, ағасы Асқардың қолында тәрбиеленеді. Асқар әкесі Дулаттың Міржақыптың оқып, білімді азамат болып, өсуін армандаған тілегіне сай, інісінің оқуын әрі жалғап, білім алуына ерекше көңіл бөледі. Ауылда туып, ауылда өскен, ауылда оқып, ауылда қызмет етіп, «ауыл мұғалімі» атанған зерделі жас ауыл тұрғындарының ауыр тұрмысын, теңдігі жоқ аянышты хәлін көріп, түңіле түршігіп, тебірене толқиды.

Бұл кезең патша өкіметінің отаршылдықты қазақ даласында күрт күшейтіп, қалың елге тізесін қатты батырып тұрған шағы болатын. Бұл жағдай сол кездегі қазақтың көзі ашық, оқыған, зиялы азаматтарына қозғау салды. Наразылық туды. Күресудің жолдары қарастырылып жатты. Оның негізгі жолы ретінде оқуға, білім алуға ұмтылыс күшейді. Бірте-бірте халық саяси құбылысқа айналып, ел ішінде отаршыл саясатқа қарсы ұлт-азаттық идеялары туындады. Патшалық Ресей де бірінші буржуазиялық-демократиялық дүмпудің қарсаңында болатын. Езілген еліне ес болуға, жоғын жоқтап, мұңын мұңдауға серт байлайды. Халық ісіне бар болмысымен бүтіндей беріліп, «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!» деп

бар даусымен жар салады. Өз бетінше талпынып, білім жинап, орыс тілін жетік меңгерген Міржақып орыстың озық ойлы азаматтарының еңбектерімен танысуы арқасында замана тозаңын суырып, дүниені дүр сілкіндірер дауылды күндердің тақап келе жатқанын өзгелерден бұрын сезеді. Міне, осындай күрделі кезеңде, 1904 жылы Міржақып Омбы қаласына келеді. Осында ұлт зиялыларының ұстазы Ахмет Байтұрсыновпен кездеседі. Бұдан кейінгі уақытта бірі – ұстаз, бірі – ізбасары ретінде жұптарын жазбайды. 1905 жылы Міржақып А. Байтұрсыновпен бірге Қарқаралыдағы саяси-бұқаралық жұмыстарға қатысады. 1905 жылы патша өкіметіне қазақ халкының атынан петиция жазушылардың қатарында болады.

Кең даласында алаңсыз өмір сүріп, мал бағып жатқан бейқам халқын: «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты» деп жырымен жұлқылап оятып, оларды білімге, ел үшін пайдалы іс әрекетке шақырады. Бүкіл халықтың еркіндікке жетуінің басты шарты түнек болып торлаған қараңғылық ұйқысынан ояну, дүр сілкініп, надандықтан арылу деп білген ол: «Оян, қазақ!» деп ұрандаудан танған жоқ. Сондықтан да оның үні қалың ұйқыдағы қазағын құлағының түбінен «маса» болып, маза бермей ызыңдап оятуды мұрат тұтқан өзінен он екі жас үлкен рухани ағасы Ахмет Байтұрсыновтың үнімен қатар естіліп, қазақ даласын қатар шарлады. Сол егіз үн тарих мінбесінен қатар көрінген екі алыптың қашан соңғы демдері таусылғанша, тағдыр талқысымен екеуі екі жақта жүрсе де, қуғынға түсіп, қамауға алынса да үзілмей, қатар естіліп тұрды. Ол екеуі екі атадан туса да, бір туған бауыр еді, екі баспен ойласа да, қорытар ойы бір еді, екі ауызбен сөйлесе де, шығар сөзі бір еді. Өйткені оларды туыстырған халқының мүддесі, ойландырған халқының қамы, сөйлеткен халқының мұң зары болатын. Сондықтан да халқы оларды жанашыр жақыным деп білді, олардың жұбын жазбай, «Ахаң Жахаң» деп бірге атады. Пенделік бар қазақтан бас тартап, халқының бақыты үшін күрескен есіл ерлерді өз халқының жауы атандырып, кешегі күні Қызылдың қызылкөз жендеттері екеуін еріксіз айырып, екі жерде атып өлтіріп, атын өшіреміз дегенде де халқы олардың асыл есімдерін есінен шығарған жоқ, аялап жүрегінде сақтады, ардақ тұтты.



***«Алаш» партиясының басшылары, сол жағында Ахмет Байтұрсынұлы, ортасында Әлихан Бөкейхан, оң жағында Міржақып Дулатұлы, 1917 жылғы сурет***

1906 жылы Петербургке барып қайтады. Бұл сапарынан ол саяси күрескер ғана емес, шабытты ақын болып оралады. 1907 жылы Петербургте шыққан "Серке" газетіне “Жастарға" деген өлеңін, бүркенпік атпен "Біздің мақсатымыз" деген мақала жариялайды. Мақалада Міржақып қазақ халқының басындағы қиын жағдайдың анық себептерін саралап, отарлық саясатты әшкерелейді. Патша өкіметі мақала авторын тұтқындамақ болғанмен, бүркеншік аттың иесін таба алмайды. 1909 жылы Петербургте М. Дулатовтың "Оян, қазақ!" атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Бұл кітап та патша әкімшілігінің қуғындауына ұшырайды.

1913 жылы ол Ахмет Байтұрсыновпен бірге "Қазақ" газетін шығарып, басылымның бұдан кейінгі жұмысына белсене араласады. 1920 жылы Ташкентке келіп, сондағы “Ақ жол" газетінде қызмет атқарады. 1922 жылы жазықсыз қамауға алынады. Түрмеден шыққан соң, 1922–1926 жылы Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болады.

1928 жылдың аяғында бір топ қазақ зиялыларымен бірге қамауғаалынады да, он жылға сотталып, 1935 жылы тұтқында қайтыс болады.

## Қазақты оятқан қазақ

Міржақып Дулатов – әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. Алғашқы кітабы – "Оян, қазақ!" деген атпен Петербург қаласындағы жарық көрген өлеңжинағы. Одан кейін 1913 жылы Орьнборда "Азамат", ал 1915 жылы "Терме" атты өлеңдер кітаптары басылып шығады. Ақын өлеңдерінің басты такырыбы – ел тағдыры болды. Алғашқы кітабы "Оян, қазақ!" жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Қайта басылады. Кітаптың негізгі мазмұньн халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдер құрады. Сол себепті де кітап тұтқындалып, авторы қуғынға ұшырайды.



Өзінің шығармашылық жолын ә дегеннен өлеңнен бастаған Міржақып проза жанрына да қалам сілтейді. 1910 жылы оның осы жанрдағы туындысы "Бақытсыз Жамал" романы Қазан қаласында басылыш шықты. Бұл – қазақ әдебиетіндегі таза көркем проза үлгісінде туған тұңғыш роман еді. Кітап 1914 жылы екінші рет басылды.

Бұл жылдары Міржақып бірқатар мақалалар мен фельетондар жазады. 1922 жылы Ташкентте екі бөлімнен тұратын "Есеп құралы" оқулығын бастырады. "Балқия" пьесасын жазады.

М. Дулатовтың шығармалары қазақ елінің тәуелсіздік алған кезінен бастап кеңінен жариялана бастады. 1991 жылы шығармаларының бір томдық, ал 1996-1997 жылдары екі томдық жинақтары жарык көрді. М. Дулатов

шығармашылығы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіліп, бірқатар кітаптар мен мақалалар жарияланды.

Өзінің алғашқы өлеңдерінен бастап туған халқының тағдырындағы қиындықтар мен ауыртпалықтардың сырына үңіліп, оның әлеуметтік тамырын әшкерелеуді мақсат еткен ақын Міржақып "Оян, қазақ!" атты тұңғыш өлеңдер жинағын мынандай өлең жолдарымен бастайды:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты.

Ресей патшасының отарлау саясаты, қазақ жұртының хал-жағдайы, өнер-білімнің аздығы, басқа да түрлі қасіреттер осы төрт жолға сыйып тұрған секілді. Онын үстіне бұл жолдарды Міржақып шығармашылығының өне бойына тартылған темірқазық, идеяның басты бағдардың көрінісі деуге де болады. Ақын үшін халқының өмірін жырлаудан асқан мәртебелі тақырып жоқ. Көп өлеңдерінде ол қазақ елінің ауыртпалықтағы, отарлық езгідегі жағдайын баяндай келіп, елдің мүддесіне қызмет ету—әрбір азаматтың парызы деген тұжырым жасайды. Атап айтқанда, "Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі", "Таршылық халіміз хақында аз мінәжат", "Сайлаулар хақында", "Жастарға", “Қазақтың ру басшыларына", "Атқамінер сұмдарға", тәрізді өлеңдерінде қазақ қоғамының сипаты, ондағы адамдар психологиясы, соларды көрген ақынның өкінішті күйі анық бейнеленген. Ақынның сол тақырыптағы шығармаларының бірі –̧…Бір қарағанда "Шағым" өлеңі ақынның аз ғана сәттік көңіл күйінен туған тәрізді. Әйтсе де мұнда жеке бастың мұңынан гөрі әлеуметтік ой басым жатыр. Ел ішіндегі білімсіздік, бойкүйездік, жалқаулық, енжарлық, алауыздық тәрізді толыш жатқан кеселдерді көре тұрып, ақын мұңаяды.

Жүректен қашан шығар қадалған оқ,
Жандырған жанды нахақ сөнер ме шоқ?
Қажыған қам көңілді бір көтерер
Жанымда жан ашитын адам да жоқ, – деп Міржақыптың өзі айтқандай,

халқының тұрмысындағы әлгіндей керітартпа кемшіліктер оның жүрегіне оқ болып қадалады. Сондай сәттерде айналасынан өзіне серік болатын, тірек болатын адам іздейді. Таппай көңілі құлазиды. Дегенмен ақынның мұңы терең қайғыға ұласыш кетпейді. Өлеңінің соңында: "Әділдік аста қалған еш күні жоқ", – деп, түптің түбінде әділдіктің жеңетініне сенеді. Сол жолда өзінің бар күшін, өмірін аямайтынын былайша жеткізеді:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!
Аталған өлең азамат ақынның алдына қойған мақсатын қаншалықты айқын түсінетінін байқатады. Ақынның мақсаты—халқының тағдырына ара түсу, елі үшін еңбек етуге, бел буу. Сол себепті де ақынның өлеңдері ел ішіндегі надандықты, әділетсіздікті әшкерелейді, олардан арылудың жолын іздейді. Мәселен, "Таршылық халіміз хақында аз мінәжат" өлеңінде қазақ ауылының көрінісі суреттелш, ондағы ішкен-жегенге мәз, жайбарақат тіршіліктің беті




ашылады. Ел ішіндегі бірліктің, ынтымақ пен бірауыздылықтың жоқтығын айта отырып, ақын ел билеу жүйесіндегі жүгенсіздік пен әділетсіздікті сынға алады. Міржақыптың осы тәрізді азаматтық, әлеуметтік сарындағы өлеңдерінің тақырыбы да, айтар ойы да, құрылысы да, айтылу ерекшеліктері де әр алуан. Ақын бірде халықтың тағдырын, бүгінгісі мен келешегін толғаса, бірде жастарды оқу-білімге шақырған насихат айтады немесе күнделікті өмірдегі құбылыстарға қатысты адамгершілік мәселесін қозғайды, ал енді бірде патша өкіметінің озбыр саясатын, ел билеушілердің әділетсіздігін сынайды.

Міржақьш қаламынан туған көркем де күрделі туынды – "Алашқа" өлеңі. Ақын халқына қарата сөйлеп, оның өткендегі өмірін есіне түсіріп, жақсы мен жаманды, кешегі мен бүгінгіні салыстыра отырып, бірқатар әлеуметтік шындықтың бетін ашады.

Ақын алдымен күні кеше төскейі төрт түлік малға толған бетегелі қырлардың, онда көшіп-қонған берекелі ауылдардың сәнін әсем суреттейді, ел баскарған ақылды хандар мен билерді еске алады.
Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,
Толықсып жүрген кеше күнің қайда? – деп келш, ел ішінен халқының сөзін сөйлейтін шешендер мен елін, жерін қорғайтын ерлер, ақылдың кені іспетті дана қарияларын іздейді. Солар бар жерде елдің берекесі де артык болмақ Бірақ өмір Міржақьш ойлағандай емес. Би – парашыл, қарттары – қарау. Бірлік жоқ, алауыздық үстем. Ақын осыған өкінеді.
Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан
Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.
Қой бағыш қасқыр қашан опа қылған,
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес,– деп, туған халқын ойлануға шақырады. Қойды қасқырға бақтырғандай әділетсіз заманның жайын түсіндіреді. Ел басқарушы залымдарға сенбей, өз күшімен күн көру қажеттігін айтады.

Міржақып ел ішіндегі кемшіліктерді әшкерелей отырып, халқына одан арылудың жолын көрсетеді. Өзінің "Шәкірт", “Насихат ғумумия" тәрізді бірқатар өлеңдерінде өнер мен білім жинаудың пайдасын бірінші кезекке қояды. Тіпті адамгершіліктің өзі білімнен, оқудан басталады деген ой айтады.

Халық тағдыры М. Дулатовтың прозалық шығармаларына да арқау болды. 1910 жылы оның "Бақытсыз Жамал" атты романы жарық көрді. Бұл роман жазушының шығармашылық жолындағы ірі табыс қана емес, бүкіл қазақ әдебиетіндегі елеулі көркем туынды болды. "Бақытсыз Жамал" қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман еді. Міржақып осы шығармасы арқылы бұдан кейін жазылған Т.Жомартбаевтың "Қыз көрелік", С.Көбеевтің "Қалың мал", С.Торайғыровтың "Қамар сұлу", т.б. романдарына жол ашты. Бұлардың бәрі де сол кезектегі аса маңызды әлеуметтік мәселелеге арналды. Қазақ ауылының тұрмысы жайында жазылды. Әйелдердің бас еркі, қоғамдағы жағдайы туралы баяндады.

"Бақытсыз Жамал" романының оқиғасына арқау болған мәселе де осы, ескі әдет- ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры. Сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сүруді армандаған бойжеткеннің трагедиялық жолы. Шығарма сол кезеңдегі қазақ даласының шынайы тыныс-тіршілігін көрсететін эпизодтан басталады. ... Жайлауға жаңа көшіп қонған ауыл. Саумалкөл маңына жағалай тігілген киіз үйлер. Бие байлап, қымыз сапырған жайма-шуақ ауыл адамдары. Қыстай араласа алмай, сағынысқан жұрт енді бірін-бірі қонаққа шақырып мәз. Үй жағалап қымыз ішкен жастар... Осылайша жайбарақат жатқан ауылға патша ұлықтары келе жатқаны туралы хабар тарайды. Абыр-сабыр басталады. Ауыл сыртына үй тігіледі. Арнайы үйге келіп түскен екі ұлықты "ләббай, тақсыр" деп күткен ауылнайдың сөзінде де ерекше бір мақтаныш сезіледі. Міржақып Дулатов осы шағын көріністі суреттеу арқылы өз заманының тұрмыс-жағдайын, адамдардың психологиясын дәлме-дел береді. Ауыл адамдарының өзара әңгімелерінен, ауылнай бастаған белсенділердің іс-әрекет, мінез-құлықтарынан жазушы мол сыр ұқтырады. ...Дәл осындай абыр-сабыр сәтте ауыл қазағы Сәрсенбайдын әйелі босанып, дүниеге қыз бала келгені туралы қуанышты хабар жетеді. Дүниеге келген бұл сәби романның бас кейіпкері Жамал болатын. Табиғатынан зерек жаратылған Жамал молдадан ескіше, жаңаша оқып, хат таниды. Түрлі хисса-дастандарды көп оқиды. Бірқатарын жатқа да айтатын болады. Сөйтіп елдің көзіне түсіп, қыз айттырам деушілердің назарына ілігеді. Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, салтанат үшеуі бір-біріне муафиқ келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды. Бұл айтылмыш артықшылығының үстіне сөзге бек ұста болып, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды. Олай-бұлай қалжыңмен сөйлескен бозбаланы сөйлетпейтін еді. Ел ішінде тілді бозбалалардың көзі түсе бастап, шет елдерге де "Сәрсенбайда бек көркем бір ақын қыз бар" деген лақап жайыла бастады. Көркіне ақылы сай болып бойжеткен Жамалды Байжан деген бай баласы Жұманға айттырады. Қыз шешесінің қарсылығына қарамастан, Сәрсенбай болашақ құдасының байлығына қызығып, құдалыққа келіседі. Бірақ бай

баласы топас, нашар болады. Жамал оны менсінбейді. Сөйтіп жүргенде бір тойда оқыған, мәдениетті, жаңаша киінген, сыпайы, әдепті Ғали деген жігітпен танысын, көңілдері жарасады. Арада біраз уақыт өтіп, қыздың Жұманға ұзатылар шағы туғанда, Жамал Ғалимен қол ұстасып қашып кетеді. Жастарды қудалау басталады. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан Ғали ауырып қайтыс болады. Қайғыға батқан Жамал көп ұзамай Жұманға ұзатылады. Көрмеген қорлықты көреді. Ақыр аяғында бір боранды күні Ғалидың қабірінің басына барып, жылап жатып қайтыс болады. Романда оқиға желісі– суреттелетін ауыл өмірі, әр түрлі әлеуметтік топтар өкілдері арасындағы қарым-қатынастар мен жекелеген адамдар түсінігіндегі қайшылықтар шырмауына түскен Жамал мен Ғалидың мөлдір махаббаты, өз еркіндіктеріне жету жолындағы үмтылысы осы арнада өрбиді. Ақыр аяғында трагедиямен аяқталады. М. Дулатов бұл оқиғаны кездейсоқ болған бірді-екілі жай ретінде қарамайды. Ғашықтар трагедиясын ол қазақ даласындағы әлеуметтік мәселе дәрежесіне көтереді. Сол арқылы қазақ қыздарының бас еркі, жастардың өз қалауымен өмір сүру қажеттігі туралы ой ұсынады. Жазушы үшін әйелдің бас бостандығы, өзінің сүйгеніне қосылып, өмірсүруге мүмкіндік алуы ең бір түйінді мәселе болды. Ол әйелдің арын аяққа басатын ескі әдет-ғұрыпқа үзілді-кесілді қарсы шығады. Міржақып Дулатовтың романдағы Жамал бейнесін сомдаудағы жаңалығы да өзінің осы идеясына негізделеді. Романдағы Ғали – сол замандағы оқыған, мәдениетті жастарының жиынтық бейнесі. Сырт келбетіне ақылы сай жігіт Ғалидың әрбір іс-әрекетінен, сөйлеген , жазған хаттарынан бұл қасиет айқын аңғарылады. Ал шығармадағы Байжан бай, оның баласы Жұман, сондай-ақ Жамалдың әкесі Сәрсенбай, үлкен шешесі Қалампыр – ескі психологияның адамдары.
Оларға адамгершіліктен гөрі байлық, шен мақтанышы қымбатырақ.
Тұтастай алғанда, "Бақытсыз Жамал" романы сол кездегі тарихи-әлеуметтік шындықты шынайы да көркем бейнелеуімен, авторлық идеяның айқындығы мен өзінен кейінгі қазақ прозасының өркендеуіне дәстүрлі жол көрсетті, үлгі болды.

## Міржақып Дулатұлының Абай шығармашылығын зерттеуі

Дулатұлыныңтың Абайға арналған алғашқы қысқа ғана мақаласы татардың «Уақыт» газетінде 1908 жылы жарияланған. Ақынның ой-өрісі, білім деңгейі, туған жері, шыққан ортасы айтылып, әдеби мұрасына жалпылама баға беріліп, оның орыс әдебиетімен, әсіресе Лермонтовпен үндестігі ескертілді. 1914 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай» мақаласы ақынның опат болғанына он жыл толуына орай арналып жазылған. Мұнда әдебиеттің, оның көрнекті өкілдерінің халық тарихында алатын орны айрықша бағаланады. Абайдың қадірін білмеу, оны елеп ескермеу ұлттың үлкен кемшілігі ретінде аталады, әдебиет елдің жаны деп көрсетіледі. Абайдың ғұмыр жолын қысқаша баяндап, тұңғыш кітабының шығу тарихы, оған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және ақын балалары мен інілерінің қатысуы, Семейде Нәзипа

Құлжанова өткізген әдеби кеш туралы сөз болады. Ең құнарлы ой – Абай қазақтың жаңа әдебиетінің басы, негізін салушы деген тұжырым, алғашқы жарық жұлдыз деген балама. Орыстың бірінші жазушысы Ломоносов деп санап, Абайдың өз халқының тарихындағы орны онымен қатарлас – деген салыстырма жасайды. Абай шығармаларын жариялау, насихаттау, оның есімін мәңгі есте қалдыру үшін мұражайлар салдыру керектігін толғана сөз етеді.

Абайдың қазақ халқы тарихындағы мәртебелі орнын басқа елдер әдебиетімен сабақтастықта алып қарап, дәл тауып, дұрыс бағалап берген Дулатұлының келешек заманда ұлы ақынның атақ-абыройы, мерей-даңқы өсіп, жаңа буынмен емірене табысатынын ерекше әулиеліктпен көре білген. Дөрекі социологиялық, таптық, атеистік көзқарас, дүниетаным тұрғысына түскен кезде зерттеушілер абайтануда толып жатқан солақайлыққа, сан-алуан қателікке ұрынғаны белгілі. Ал Кәкітай Ысқақов, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов Абайдың шығармаларын тануда ұлттық, халықтық, эстетикалық таза талғаммен ешқашан мәнін жоймайтын бағалы байламдар жасай алды. Абай шығармаларындағы сарын-әуезді, ой-пікірді, идея-нысананы алаш азаматтары терең сезіп, тебірене насихаттай білген. Әдебиеттің барлық жанрында бірдей қалам тартқан қаламгер, қоғамдық-әлеуметтік іске жанын салып араласқан қайраткер Міржақып Дулатовтың өмірлік мақсатының биік нысанасы, тапжылмас темірқазығы – біркүндік даңқ, өтпелі дәулет, баянсыз шен емес, туған халқының бостандығы, өзін-өзі билеуі, отарлық езгіден құтылуы, ол қуғын-сүргін керіп, түрмелер азабын тартып жүрген азапты күндерінің өзінде де, ақтық демі біткенше бұл жолдан тайған жоқ. Қазақ жұртының бүгінгі, болашақ буындарына алаш деп ұран салып, келешек үшін арыстанша алысқан Міржақып Дулатовпен бауырындай етіп абыстыратын, айналып келгенде, осы мәңгілік жасайтын асыл қасиеттер.




## Міржақыптың есімі ғасырлар жасайды

М.Дулатұлының есімі ақталып, бүкіл шығармашылық мұрасы халыққа қайтарылғалы жиырма жылға таяу уақыт болды. Содан бері оның әлеуметтік-саяси және әдеби-публицистикалық қызметін зерттеп, қоғамдық сананың игілігіне айналдыру жөнінде бірсыпыра істер атқарылды.

Бұл бағыттағы алғашқы тындырымды қадамдар ретінде 1988 жылы 4 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен оның заң жүзінде азаматтық жағынан ақталуын және 1989 жылы 26 шілдеде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұсынысымен Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы бойынша қаламгердің шығармашылық мұрасы идеялық-саяси тұрғыдан ақталғанын атап көрсетуге болады.

Осыдан кейін-ақ Алаштың өзге қайраткерлерімен бірге Міржақып Дулатұлының да қоғамдық-саяси және әдеби-шығармашылық мұрасын жариялау және кең көлемде насихаттау жұмысы белсене қолға алынды. Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде шығармаларының әуелі бір томдық, сонсоң екі томдық басылымдары жарық көрді. Тарихшы, әдебиетші ғалымдар оның саяси-әлеуметтік және әдеби-публицистикалық қызметтерін кең көлемде зерттей бастады. Мерзімді баспасөз беттерінде өмірі мен қызметі жайында тағылымды мақалалар жарияланды. Алғашқы ғылыми монографиялар жарық көрді. Кандидаттық диссертациялар қорғалды. Артында қалған жалғыз мұрагері Гүлнар Міржақыпқызының ерекше күш салып, қалам тербеуі арқасында “Шындық шырағы” атты екі томдық естелік еңбегі оқырман қауымға тарту етілді.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде 2002–2004 жылдары Алаш ардагерлері ішінде алғашқы болып М.Дулатұлы шығармаларының бес томдық академиялық басылымы жарық көрді. Солардың барлығының бір түйінді нәтижесі ретінде бір топ жас ізшілдердің табанды ізденісі арқасында сонау солтүстіктегі Карелия жерінде дамылдап жатқан ардагер аға мүрдесі Торғай жеріндегі өзінің туған топырағына әкелініп, қазақ дәстүрімен қайта жерленді.



Оның халық деп соққан жүрегінің дүрсілі ғасыр сағатының тіліндей тырсылдап естіліп тұратынына ешкімнің күмәні болмаса керек.

Өткен ғасырдың ұшар басында Торғайдың екі басқыш қазақ-орыс мектебін және Қостанайда осындай мектеп жанынан ашылған бір жылдық курсты бітіріп, мұғалімдік куәлік алып шыққан жас жігіт туған елінде бір-екі жыл ауыл мектебінде бала оқытты.

Мектеп қабырғасында әртүрлі ғылыми пәндерден алып шыққан білімін әрі қарай жалғастырып, жетілдіру жөнінде де іштей бір қажеттік сезінеді. Әсіресе көбірек әуестенетіні – әдебиет. Кентті жерде орыс тілін әжептәуір меңгеріп, көркем шығарма оқуға жаттығып қалған ол енді өз жанынан ой құрастырып, ұйқасты сөздер жазуға да машықтана бастаған. Солармен қабаттаса мұның назарын аудара беретіні – ел өмірінің ахуалы. Ана тілінде шығатын там-тұм баспасөз бетінен шұқшия оқитыны – қазақ халқының хал-жағдайын ойлап қам жеген зиялы азаматтар сөзі. Сондайда көбірек көз тоқтататын екі есім бар. Бірі – Әлихан Бөкейханов деген кісі де, екіншісі – осы Торғай топырағынан шыққан, бүгінде мұндағы жұрт аузында жиі айтыла бастаған Ахмет Байтұрсынов.

Міржақып мұнда бұқаралық үлкен шеру қарсаңында келген. Өзінің бұрыннан таныс ағалары Әлихан мен Ахметтен жай–жапсарды естігеннен кейін, сол дүрмектің алдыңғы қатарынан көрінді. Шеру өткеннен кейін қазақтың зиялы азаматтары халқымыздың құқықсыз құлдық жағдайларын баяндап келіп, патша үкіметіне он төрт пункттен тұратын петиция әзірледі. Осы шаралар үстінде белсенділік танытқан жас мұғалім қазақтың тұңғыш ұлттық партиясын құру жөніндегі құрылтай съезіне баратын делегаттар құрамына сайланып, Орал қаласына келді. Одан әрі өздері үлгі тұтқан Ресей кадет партиясының съезіне қатысу үшін бір топ адамдармен Петербургке кетті

Осы сапар жас жігіттің көкірек көзін ашып, саяси санасын қалыптастыруда өте тағылымды мектеп болған. Қарқаралы мен Оралдағы, одан кейін Петербургтегі талай бас қосқан жиындарда қазақтың не бір марқасқа зиялыларымен жақын танысып, олармен ұзақ дидарласып, көп-көп пікір алмасқан. Сөйтіп, өзінің заманы жайлы, ел тағдыры, халқының мүшкіл халі жөнінде ішкі сенімін нығайта түскен. Солардың ішінде Міржақыпқа ерекше әсер еткен Шахмардан Қосшығұлов болды. Өте іскер, әрі ауқатты көрінген бұл кісі өзі сияқты біраз беделді адамдармен пікір қосып, Петербургте қазақ тілінде газет шығаруды ойластырады екен. Ақыры, сол істің хаттама құжаттары, қаржы-қаражат жағы бірыңғайланып, татар тілінде шығатын «Улфат» газетіне қосымша ретінде бастауға рұқсат алғаннан кейін, бұл соның алғашқы санына арнап «Жастарға» деген шағын өлеңін ұсынды. Қосшығұловтың тапсыруымен кейінгі бір санына арнап көлемді мақала жазды.

1909 жылы Уфа қаласында «Оян, қазақ!» атты тұңғыш жинағы жарық көреді. Араға бірер жыл салып, Қазан қаласынан «Бақытсыз Жамал» атты қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш рома ны шығады. Бұл екі оқиға халқымыздың сол кездегі рухани өмірінде ел құлағын елең еткізген айтулы жаңалық болғаны бұл күнде баршаға мәлім. Әсіресе өлеңдер жинағының бүкіл қазақ даласын қалың ұйқыдан дүр сілкінтіп оятқаны халық зердесіне мықтап орныққан. Соның айқын бір айғағы – артынан жеделдетіп екінші рет басылуы. Бұдан кейін Міржақыптың үстінен қылмысты іс қозғалып, артынан тынымсыз тыңшылық бақылау қойылғаны, сөйтіп, Қызылжар, Семей, Омбы, Орынбор, Саратов қалаларының тергеу орындарында кітап авторы туралы неше түрлі сұрау салу, бір-біріне қосымша деректер хабарлау жөніндегі қызу науқан туғызылғаны да қазір міржақыптанушылар арасында белгілі жәйттер.

Бірақ қуғын-сүргін мұнымен аяқталмаған. Петербургте бір кезде «Серкенің» ісімен айналысқан тергеушілер енді «Оян, қазақпен» шұғылданып отырғанда, ертеректе тәркіленген газеттің мазмұнымен бір ұқсастық тапқандай, сондағы қағаздарды архивтен көтеріп салыстырса, «Арғын» атын жамылып жүрген мақала авторы Дулатовтың нақ өзі болып шығады. Осыған қатты шамданған шенеуніктер мұндай газетті мұрағат қорында сақтауға болмайды деп тауып, сот палатасының шешімімен «Серкеге» байланысты барлық құжаттарды түк қалдырмай құртып жібереді.

Сонда осының бәрі не үшін еді? Тек қана қазақтың бодан болып, құл болып қаналғанын, құдай берген атамекен жер-суынан айрылып таланғанын айтқаны үшін ғана болатын. Міржақыптың Алаш қозғалысындағы қайраткерлік қызметінің алғашқы кезеңі осылай аяқталған.

## М. Дулатовтың «Государственная дума һәм қазақ» мақаласы

М.Дулатұлының Ахмет Байтұрсынұлымен, Әлихан Бөкейханмен тығыз ынтымақтасып, «Қазақ» газетін шығару жөніндегі атқарған қызметін екінші кезеңге жатқызамыз. Бұл жылдардағы редакцияның ішкі жұмысын ұйымдастырып, талай қиындықтарды бастан кеше жүріп, газеттің тарихи міндетін орындап шығуы үшін Міржақыптың тек өз қара басы тарапынан қаншалықты ерен күш жұмсағаны өз алдына. Бұл жерде оның бәрін тәптіштеп айтып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан біз оның бұл кезеңдегі шынайы азаматтық тұрғыдан бой көрсетіп, қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін мемлекеттік тұрғыдан көтерген аса күрделі мәселелеріне ғана қысқаша тоқтала кетуді жөн көреміз.

Міржақып бұл тақырыпқа тіпті «Қазақ» газеті шықпай тұрғанда, өзі «Оян, қазақ!» үшін тұңғыш қуғын көріп, бой тасалап жүрген кезде-ақ қалам тартып, 1911 жылы «Айқап» журналына. «Государственная дума һәм қазақ» деген мақала жазған. Оның мазмұны мынадай: 1905 жылы бірінші революция дүмпуімен патша халыққа бірқатар бостандықтар жариялағаны жоғарыда айтылды. Соның бірі Ресей халықтарының Мемлекеттік думаға өздерінен



белгілі көлемде депутат сайлауына құқық берілуі болатын. Бірақ бұл кеңшілік ұзаққа бармады. Демократиялық қозғалыстың толқыны қайтып, ел іші тыныштала бастаған кезде, патша өз жарлығын өзі бұзып, бірсыпыра бұратана халықтарды мемлекет билігінің жоғарғы органына өкіл жіберу еркінен айырған-ды. Солардың ішінде қазақ та бар еді. Осы қорлыққа Жақаң қара басының қайғысындай қапаланады. «Бұған шыдап отыра бермейік, бүкіл халық болып үн қосып, талап етейік», – дейді. Рұқсат беріле қалған күнде жоғарғы заңнамалық орынға халыққа шын жаны ашитын және айтар ойын дәлелді етіп жеткізе алатын білікті адамдарды сайлау қажеттігін айтады. Осы орайда I Мемлекеттік думаның сайлауы кезінде “қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жолбасшымыз» Әлихан Бөкейханов үстінен Тоқырауын болысының жамандап арыз бергенін қынжылып еске алады (қараңыз:

Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы, «Мектеп», 2003. 38-бет). Бұдан былай мұндай жолсыздықтар болмасын деп ескертеді. Ол осы ойларын кейінірек «Қазақ» газетінде «Государственная дума һәм солдаттық мәселесі», «Государственная дума» деген мақалаларында тағы да пысықтап айтады. Дулатұлының халық тағдырына әрдайым биік мемлекеттік, әлеуметтік тұрғыдан қарайтынына «Қазақ» бетінде жарияланған «Қазақ халқының бас адамдарына», «Жер мәселесі», «Қазақ жайлы», “Қазақта мүфтилік мәселесі», «Бас қосуға рұқсат берілмейді» сияқты мақалалардан айқын көз жеткізуге болады. Халқымыздың сол кездегі экономикалық хал-ахуалын өркениетті жолмен жақсартуға үкімет тарапынан қамқорлық білдіруі жайын ойластырып, газет бетінде «Земство не нәрсе?» деген тақырыпқа сегіз бірдей мақала жазуының өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Міржақыптың шынайы қайраткерлігіне патшаның маусым жарлығынан кейін Алаштың өзге басшыларымен бірлесіп жасаған іс-қимылдары айқын дәлел. Жарлық жарияланып, қазақ жігіттерін майдандағы қара жұмысқа алатын болғандығы анықталғаннан кейін, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов үшеуі қол қойып, «Қазақ» газетінде «Алаштың азаматы» деген үндеу жариялады. Олар жарлыққа көнген күндегі тұрмыстың қиындығы мен көнбеген күндегі жойқын қырғынды көзбен көргендей етіп салыстыра келіп, халықты көну жағына шақырды. Патшаның жарлығына қарсы шығып бас көтерген Түркістан уәлаятында соғыс жағдайы жарияланғанын мысалға келтірді. Істің моральдық жағын да ескертті.




«Бұл соғыстың ылаңын ешкім тілеп алмаған шығар, біздің де көрейік деген күніміз бұл емес еді... Отандастарымыз – орыс халқы, діндес қандастарымыз ноғай халқы һәм сондай сыбайлас жұрттар отына күйіп жатқанда, жалынына біздің шарпылмай қалуымыз қиын көрінеді... Дүние бұл күйінде тұрмас, соғыс та бітер. Сол кезде әркім қызметін бағалар. Сонда еккенде жоқ, сепкенде жоқтар сыбағаға ортақ бола алмас. Теңдікке ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар» – деп жазды.

Жарлық жарияланғаннан кейін бес ай өткенде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы және басқа кісілер атынан Торғай һәм Ырғыз үйезінің халқына жолданған хатта жоғарыда айтылған ойлар әрі қарай пысықталып шегелене түсті. Жарлыққа көнбей, қарсылық білдірген Түркістан сарттары мен Жетісу қырғыздарының қатты қырғынға ұшырағанын хабарлай келіп, авторлар өздерінің жанайқайын айтты: «Бұл хатты жазушы біздер – өз балаларың, өз тумаларың, жанымыз ашиды, қабырғамыз қайысады. Біздің ата-ана, туған-туысқандарымыз іштерінде. Бізді қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар: қан төкпеңдер, қарсылық қылмаңдар! Алынатын

жастар басын қорғаймын деп үйдегі кемпір-шал, қатын-баланың обалына қалмасын! Бізді орысша оқып, орыс арасында жүр, біздің пайдамызды айтпас деп ойлайтындарың бізді Құдай мен аруаққа тапсырыңдар!.. Әркімнің ниет-көңілі бір Аллаға аян, бізге сеніңдер!» – деп егіле жазды.

Алаш арыстарының айтқаны келді. Қарсылық білдірген өңірлердің азаматтары қатты құрбандыққа ұшырады. Бірақ үкімет онымен де шектелген жоқ, аламын деген адамдарын алды. Алаш қайраткерлерінің шын жанашырлық азаматтығы сол кезде көрінді. Басы Әлекең мен Міржақып болып, майдан шебіндегі қара жұмысқа алынған қазақ жігіттеріне жәрдемдесу жөнінде әр жерден орталықтар ашып, солардың басы-қасында жүрді. Тіл білмегендерін тікелей қамқорлыққа алып, керек-жарақтары болса, қалтқысыз қамтамасыз етіп тұрды.

Дүние жүзілік соғысқа киліккен Ресей қатты жеңіліске ұшырап,




титықтап тұрған кезде ішкі демократиялық қозғалыс белең алып, патшаны тақтан тайдырғаны Алаш қайраткерлері үшін көктен тілегендері жерден табылғандай жаңалық болды. Белоруссияда тылдағы қазақ жігіттері арасында жүрген Бөкейхан мен Дулатұлы ақпан төңкерісі жүзеге асқаннан кейін дереу Петроградқа келді. Патшалық құлап, билік Уақытша үкімет қолына көшкеннен кейін астана көшелерінде салтанатты шеру өткізген халықтың қалың ортасында жүрді. Билік басына келген социалист-революционерлердің декларациясымен Ресей халықтарына

## Алашорданың көркеюі

